

Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың ұлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 62 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 2 наурызда № 31996 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бүйрық 07.03.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

"Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың ұлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық реңми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық 2023 жылғы 7 наурыздан бастап қүшіне енеді және реңми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрі

З. Сулейменова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Каржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрі
2023 жылғы 23 акпанды
№ 62 бұйрығымен
бекітілген

Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың үлгілік қағидаларын

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың үлгілік қағидаларын (бұдан әрі - үлгілік қағидалар) "Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-зан) 9-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді және елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың үлгілік тәртібін айқындайды. Үлгілік қағидалар мемлекеттік орман қоры участеклерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қоргалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй аумақтарында, саяжай участеклерінде өсетін жасыл екпелерге қолданылмайды.

2. Осы Үлгілік қағидалардың негізінде жергілікті атқарушы органдар Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын әзірлейді.

3. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыш және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сұру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық жөлілерді және сумен жабдықтау, көріз, энергиямен жабдықтау құрылыштарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жаксарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топыракты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;

2) ағаштарды кесу – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы зан) 2-қосымшаның 159-тармағына сәйкес уәкілдегі органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу жөніндегі жұмыс;

3) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілдегі орган айқындаған участекерде жүзеге асырылатын ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу жөніндегі жұмыс;

4) дендрологиялық жоспар – құрылымын салу аймағын ескере отырып, көгалдардың, аландардың, жолдардың, су айдындарының ашық участкерімен үйлесімділікте өсіп тұрған және отырғызылуы жоспарланып отырған ағаш-бұта өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді орналастырудың схемалық құжаты;

5) жалпыға ортақ жерлер – аландар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;

6) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сұнгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктіктең діңдерін кесу;

7) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалдандырылған аумақ;

8) жасыл екпелер – елді мекендердің аумақтарында қорғаныштық, санитариялық-гигиеналық, әлеуметтік, эстетикалық және өзге де функцияларды орындастырылған ағаш-бұта және шөптесін өсімдіктер екпелері;

9) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;

10) жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау-жасыл екпелерді, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құрғау, сақтауға және молықтыруға (оның ішінде кесілген жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;

11) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылымындағы жұмыстарының нұктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

12) жасыл екпелерді орман-патологиялық зерттеу – зиянкестердің (жәндіктердің) болуын арнайы зерттеу, ауру белгілері мен ошақтарының болуын, діндерде, тамыр жүйесі мен ұшарбаста зен ауруларымен (паразиттермен) зақымдану белгілерінің болуын анықтау. Егер екпелердің 50 (елу) %-дан астамы аурулардан зақымданған болса, онда олар міндетті түрде кесілуі тиіс;

13) жасыл екпелерді түгендеу (тал басын қайта есептеу) – көгалдандыру объектілерінің сандық және сапалық сипаттамаларын толық сипаттай отырып, оларды есепке алу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жоспарлы негізде әрбір көгалдандыру элементін графикалық бейнелеу;

14) жасыл екпелер тізілімі – жасыл екпелердің типтері, түрлік құрамы, алаңының көлемі, жай-күйі және орналасуы туралы деректер жиынтығы;

15) жеке тұрғын үй – үй маңындағы участкеде орналасқан және шаруашылық және басқа да құрылыштармен және жасыл екпелермен бірге азаматтың меншігіндегі, жеке (отбасында) тұруға арналған үй;

16) заңсыз кесу – уәкілетті органның рұқсатынсыз жүзеге асырылатын ағаштарды кесу;

17) көгалдандырылған аумақтар – шығу тегі табиғи өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендері мен объектілері, бульварлар, скверлер, көгалдар, гүлзарлар орналасқан жер участкесі;

18) көгалдандыру жөніндегі үйым – шарт негізінде елді мекен аумағындағы жасыл еспелер мен жалпыға ортақ пайдаланылатын көгалдандырылған аумақтарды көгалдандыру, құтіп-ұстай, құту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

19) көгал – шөп жамылғысы мен басқа да өсімдіктерді қамтитын, тротуардан, тұрақ қалталарынан, тұрақтардан және жолдың өзге де элементтерінен жиектас таспен және (немесе) әшекейлі қоршаумен қоршалған абаттандыру элементі (жер участкесі);

20) құтіп-баптау жөніндегі жұмыстар – өсімдіктердің жерасты және жерусті бөлігін құтіп-баптау (коректендіру, суару, қопсыту, санитариялық-профилактикалық іс-шаралар және өзге де іс-қимылдар);

21) мәжбүрлі түрде кесу – авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды кесу;

22) өтемдік отырғызу жоспары – отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, күнтізбелік мерзімін, сондай-ақ жоспарлы негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;

23) өтемдік отырғызу – уәкілетті орган дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындаған арнайы участкелерде кесілген ағаштардың орнына отырғызу;

24) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыш объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

25) санитариялық кесу – авариялық жағдайлар туғызатын (электр беру желілерінде, газ құбырларында жатқан, ғимараттардың шатырын бұзатын, жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін) ауру, құрғап бара жатқан, құрғақ және зақымдалған бұтақтарды кесу;

26) санитариялық мақсатта ағаш кесу – жасыл екпелердің санитариялық жай-куйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (ішінара, жаппай), бұл кезде ауру, зақымданған, қураған және қураған ағаштар кесіледі;

27) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

28) уәкілетті орган – жасыл екпелерді күтіп-ұстай және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

29) ұшарбасты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелерді жасарту мақсатында олардың солып қалуына әкеп соқтырмайтын, пішіндеуге келетін бұтақтар мен өркендерді, жекелеген ағаштарды, бұталарды және жолдағы екпелерді кесу;

30) шағын сәулет нысандары – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мұсіндер, фонтандар, барельефтер, гүл құмыралары, павильондар, құркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

31) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыштар, қоршаулар, құрылыш алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және занды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ.

2-тарау. Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-бағтау және қорғаудың тәртібі

4. Барлық санаттар мен түрлердегі көгалдандырылған аумақтар елді мекен шекараларындағы көгалдандыру жүйесін құрайды, елді мекенниң жасыл қорына кіреді және мемлекеттік орман қоры участеклерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй мен жеке қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай участеклерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда, рекреациялық, орта құрайтын және санитариялық-қорғаныш функцияларын орындаиды

5. Жасыл екпелерді жасауды жергілікті атқарушы органдар ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде жүзеге асырады.

Жеке және занды тұлғалар жергілікті атқарушы органдар айқындастын участеклерде өз қаражаты есебінен жасыл екпелер жасайды.

6. Жергілікті атқарушы органдардың жасыл екпелер алып жатқан аумақтарда, оның ішінде саябақтарда, скверлерде, бульварларда, ұйымдардың санитариялық-қорғаныш аймақтарында және өзге де өнеркәсіптік объектілерде құрылыш салу немесе оларды реконструкциялау туралы шешімдер қабылдауы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және қоғамдық тындауларды міндетті түрде өткізу арқылы жүзеге асырылады.

7. Елді мекендердің жасыл қорын дамытудың негізгі мақсаттары, функциялары:
экологиялық теңгерімді сақтау;
онтайлы температуралық режимді сақтау, оның ішінде жазғы кезенде;
аяу ылғалдылығын сақтау;

ластанған ауаның адсорбциясы (пайдаланылған газдар, кәріз, өрттер, жинақталған коммуналдық қалдықтардың иісі және ауаны ластаудың басқа көздері);

белгілі бір аумакта ластануды және басқа да теріс әсер ету нысандарын сініру, тазарту, өзгедей жою;

сәндік-эстетикалық, қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру болып табылады.

8. Жасыл қор мен қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру жөніндегі шараларды жекі және занды тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

9. Тиісті әкімшілік-аумактық бірліктің көгалданырылған аумактарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

10. Көгалданыру объектілері экологиялық заннаманы сақтай отырып, елді мекеннің бас жоспарына сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде құрылады.

11. Рекреациялық аймаққа жататын ортақ пайдаланудағы жер аумағында рекреациялық аймақтың жұмыс істеуіне тікелей байланысты емес жаңа өнеркәсіптік, коммуналдық және қойма объектілерін, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға (салуға) және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге жол берілмейді.

12. Объектілерді жобалау және салу кезінде құрылым-монтаждау жұмыстары болжанатын участкениң аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер участкесін көгалданыруды көздеу қажет.

3-тaraу. Жасыл желектерді есепке алууды жүргізу тәртібі

13. Жасыл екпелердің барлық түрлері:

есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу;

осы Үлгілік қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсінүү актісін толтыру;

жасыл еспелер тізілімін жүргізу;

дендрологиялық жоспарды әзірлеу арқылы есепке алынады.

14. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізу жөніндегі қызметтер шарттық негізде жергілікті бюджет есебінен және (немесе) басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

15. Үәкілетті орган жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарының көшірмесін жасыл қормен жұмыс істеу кезінде ұсыным ретінде пайдалану үшін тиісті әкімшілік-аумактық бірліктің әкімі аппаратына жібереді.

16. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижелерін көрсететін құжаттар ресімделген түгендеу, орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалатын дендрологиялық жоспарға енгізілген өзгерістер болып табылады.

17. Есепке алынған жасыл екпелер осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелер тізіліміне енгізіледі.

18. Жасыл екпелердің тізілімі мен есебін уәкілетті орган қағаз және электрондық жеткізгіштерде жүргізеді.

19. Жасыл екпелерді есепке алууды жүргізу мыналарды қамтиды:

1) жасыл екпелердің саны, түрлік құрамы және жай-күйі туралы дұрыс деректерді есепке алу және алу;

2) елді мекеннің жасыл екпелерді қорғау, сақтау және көгалданырылған аумақтарды дамыту саласындағы саясатының негізгі бағыттарын айқындау;

3) халықты және мұдделі тұлғаларды елді мекендердегі жасыл екпелердің саны, жай-күйі және қоршаған орта туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) елді мекен аумағындағы жасыл екпелердің жағдайын талдау;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарда жасыл екпелерді тиімді басқару үшін бірыңғай ақпараттық база құру, оның ішінде жасыл екпелер санының қолданыстағы құрылыш және санитариялық нормаларға сәйкестігін белгілеу;

6) көгалданырылған аумақтарды күтіп-ұстаяу, күрделі жөндеу және оларды қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды регламенттеу;

7) көгалданырылған аумақтардың меншік иелерін айқындау және олардың сақталуы мен жай-күйіне жауапты занды және жеке тұлғаларды белгілеу;

8) каланың көгалданырылған аумақтарын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру;

9) көгалданыру жобаларын, күтім жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын жасыл екпелерді күтіп-ұстаяу, күтіп-баптау және пайдалану жөніндегі ұсынымдар әзірлеу.

20. Дендрологиялық жоспарды елді мекен шекарасы шегінде құрамында экологтары және (немесе) дендрологтары бар дендрологиялық зерттеулер қызметтерін көрсететін үйимдарды тарта отырып, уәкілетті орган әзірлейді.

21. Дендрологиялық жоспар екі бөліктен тұрады.

Бірінші бөлім – картографиялық бейнеден тұратын, онда әрбір жасыл еспе реттік нөмір беріледі және қайта есептеу ведомосімен сүйемелденеді. Картографиялық бейнеде жасыл еспелерден басқа, көшелерді, жолдарды (жұру бөлігін) қоса алғанда, құрылыш салу аймағын және жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды ескере отырып, көгалдардың, аландардың, жолдардың, су айдындарының ашық участкері көрсетіледі.

Екінші бөлім – сипаттама, онда көгалданырылған объектінің сәйкестендіру сипаттамалары, дендрологиялық жоспардың сәйкестендіру сипаттамалары, өсіп тұрган жасыл екпелердің сандық және түрлік құрамы көрсетіледі, мынадай:

кесу үшін (ауру, кепкен);

қайта отырғызуға арналған;

өңделмеген деген белгілерді көрсете отырып, жасыл екпелер өсетін жергілікті жердің бедері, топырақтың құрамы сипатталады.

22. Дендрологиялық жоспардың ауқымы 1:10000.
23. Дендрологиялық жоспар электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалады және сакталады және уәкілетті органның ресми интернет-ресурстарында жарияланады.
24. Дендрологиялық жоспар бес жылда бір рет жасалады және оны кейін уәкілетті орган түзетеді.
25. Бес жыл өткен соң климаттық ерекшеліктерге, елді мекеннің немесе оның бөлігінің жоспарлау құрылымы мен сәулеттік бейнесінің қалыптасуына байланысты жаңа дендрологиялық жоспар жасалады және бекітіледі.

26. Шағын қалаларда (халық саны 50 мың тұрғынға дейін) өзгерістер болмаған кезде қолданыстағы дендрологиялық жоспарды қайта бекітуге жол беріледі.

4-тaraу. Жасыл екпелерді құру, күтіп-ұстau және қорғau жөніндегі шаралар

Ескерту. 4-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.06.2024 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жасыл екпелерді құру, күтіп ұстau және қорғau өзара байланысты жұмыстардың мынадай кешендеріне бөлінеді:

- 1) ағаштарды, бұталарды, көпжылдық гүлдер мен бұталы қоршауды үш жылдық күтіммен (қажет болса топырақты ауыстыру арқылы) отырғызу;
- 2) бір жылдық гүлзарлар мен көгалдардың құрылышы;
- 3) ағаштарды кесу, қайта отырғызу;
- 4) үш жылдық күтімімен ағаштарды өтемдік отырғызу;
- 5) жасыл екпелерді күтіп-ұстau (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету);
- 6) жасыл екпелерді мониторингтеу, түгендеу.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.06.2024 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-1. Жасыл екпелерді күтіп-ұстau (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету) келесіні қамтиды:

ағаштардың діңгек қуысын орнатумен және оларды қопсыту және арамшөптерден тазарту;

ағаш діңін ақтау;

бұталы қоршауды кесу, ағаштардың діңін көтеру, өскінді алып тастау; шөп шабу, арамшөптерді жою;

жасыл екпелерді қымтау (ағаштар, бұталар, көпжылдық гүлдер);

бүкіл вегетациялық кезеңде жасыл екпелерді суару;

ағаш тәжін тәждеу;

ағаштардың тәжін қалыптастыру;

қаңқа және жартылай қаңқа бөліктерін сақтай отырып, ағаш-бұта өсімдіктерінің биологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып жасартатын кесу;

апатты, қураған ағаштар мен бұталарды санитарлық кесу, діңгектерді тамырымен жұлу;

тыңайтқыштарды қолдану;

жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен құресу;

қуыстарды тазалау және пломбалау, аралау орындарын өндөу.

Ескерту. 4-тaraу 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.06.2024 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жасыл екпелерді құтіп-ұстауды және қорғау жүзеге асырады:

1) жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде – уәкілетті орган жүзеге асырады;

2) саябақтар мен скверлерде меншік иелеріне немесе меншік иесі уәкілеттік берген адамға жүктеледі;

3) өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағында және басқа да меншік объектілерінде, сондай-ақ бөлінген және бекітілген аумақта және – осы объектілердің меншік иелеріне немесе пайдаланушыларына жүктеледі;

4) құрылым-монтаждау жұмыстарына бөлінген аумақтарда – тапсырыс берушіге жүктеледі.

29. Ағаштарды жасарту және тығыз өсетін ағаштарды сирету жөніндегі іс-шаралар вегетация басталғанға дейін немесе күздің соңында жүргізіледі.

30. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл бойы оларды сақтау, қорғау және қарқынды құтім жасау бойынша қажетті шараларды сақтай отырып жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді жерсіндіру мақсатында оларды күз басталғаннан бастап ерте көктемге дейінгі кезеңде қайта отырғызылады.

31. Жұмыстарды жүргізу кезінде құрылым-ұйымдары құрылым-салуға немесе құрылым-жұмыстарын жүргізуге бөлінген жер участкесінде орналасқан жасыл екпелердің сақталуын қамтамасыз ететін мынадай іс-шараларды орындаиды:

1) құрылым-аландарының қоршауы ағаштар мен бұталар олардың шегінен тыс қалатындағы етіп орнатылады. Құрылым-алаңында қалған әр ағаштың немесе ағаштар тобының айналасында ағаштың діңі мен ұшарбасын зақымданудан сақтауды қамтамасыз ететін жеке қорғаныс жасалады. Ағашты-бұталы өсімдіктерді сақтау мақсатында төменгі және жоғарғы ұшарбастарды ішінана кесуге, оқпандарды байлауға, бұталардың ұшарбастарын байлауға жол беріледі;

2) сақталатын ағаштарды қоршауларды, шырақтарды және өзге де заттарды бекіту үшін бағаналар ретінде пайдалануға және зақым келтіруге жол берілмейді;

3) ағаштардың тамырларын жалаңаштауға және дің маңындағы шенберлерді топырақпен, құрылым-материалдарымен және қоқыспен көмүге жол берілмейді;

4) жасыл еспелер ауданында жолдарды, тротуарларды және басқа да құрылыштарды реконструкцилау және салу кезінде бұрыннан барларға қарсы тік белгілерді өзгертуге жол берілмейді. Тамыр жүйесін толтыру немесе жалаңаштау мүмкін болмаған жағдайда, жобалар мен сметаларда ағаштардың қалыпты өсу жағдайларын сақтау үшін тиісті құрылғылар қарастырылған;

5) машиналардың көгалдарда тұруына, құрылым материалдарын жинап қоюға, жанар-жағармай материалдарын, лас қалдықтарды төгуге жол берілмейді;

6) кірмежолдар мен көтергіш крандарды орнатуға арналған орындар жасыл еспелерден тыс орналастырылады және ағаштардың орнатылған қоршауларын бұзбайды;

7) ағаштар мен бұталардың тамыр жүйесі аймағында қазу жұмыстарын тамыр жүйесіне зақым келтірмей, негізгі қаңқа тамырлары орналасқаннан төмен жүргізеді;

8) жаңа құрылыштың барлық участеклерінде жоғарғы өсімдік топырағын сақтайды, оны алуды және құрылым алаңының шеттерінде үймеледі жүргізеді. Бұғыланған өсімдік топырағы аумақтарды көгалданыру кезінде пайдаланылады және (немесе) көгалданыру жөніндегі ұйымға беріледі.

32. Тротуарлар мен өтпе жолдарды асфальттау, төсеу, тақталармен жабу жұмыстарын жүргізу кезінде ағаштың айналасында кемінде диаметрі 1,2 метр жақын аралық шенбер қалдырылады.

5-тaraу. Уәкілетті органның елді мекенниң аумақтарын көгалданыру жөніндегі жұмыс жоспары

33. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда көгалданыру, жасыл екпелерді отырғызу бюджеттің түрлі деңгейлері қаражаты есебінен, сондай-ақ өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

34. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда көгалданыру жұмыстарын жүргізу үшін уәкілетті орган мынадай жұмыстардың бір түріне және/немесе бір мезгілде түрлеріне ақау актісін дайындайды:

1) жасыл екпенің мекенжайын (орналасқан жерін), түрін, оның сипаттамаларын (окпан диаметрі, биіктігі, жай-күйі және басқалары) көрсете отырып, болжанып отырған қураған ағашты кесу бойынша көлемді айқындау;

2) нақты участекде жоспарланған жаңа жасыл екпелердің көлемін анықтау (жасыл екпенің түрі мен атауы, отырғызу мерзімі);

3) түрі мен сипаттамаларын, отырғызу мерзімдерін айқындаі отырып, өтемдік жасыл екпелер орналасатын участекнің жоспарын айқындау;

4) ағаштың орналасқан жерін, көлемін (санын) көрсете отырып, түбірлерін қопарып қазып алу көлемін айқындау.

35. Уәкілетті орган жасыл екпелерді сатып алуға, оларды тасымалдауға, тыңайтуға, суаруға, топыракты тасымалдауға, механикаландыруға және жұмыс күшіне, сондай-ақ

жаңадан отырғызылған жасыл екпелерді жерсіндіру үшін кейін күтіп-баптауға жұмсалатын шығындардың құнын айқындағай отырып, еркін нысандағы ақау актісін іске асыру мақсатында жұмыс көлемін айқындау үшін шығындар калькуляциясын жасайды.

36. Инженерлік желілерге (электрмен жабдықтау, жарықтандыру, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау) қатысты жасыл екпелерді кесу және/немесе қураған ағаштарды кесу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде кемінде үш жұмыс күні бұрын инженерлік желілердің меншік иелерімен жұмыстарды орындау мерзімдері келісіледі және жұмыстардың уақыты мен ұзақтығын көрсете отырып, участкедегі болжамды жұмыстар туралы халыққа, кәсіпорындар мен ұйымдарға бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер немесе ұялы байланыс арқылы хабарланады.

6-тарау. Ағаштарды кесу тәртібі

37. Құрылыш салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінген участкелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, егер қолданыстағы жасыл екпелер тұрғын үй құрылышы ғимараттарын қоса алғанда, басқа да құрылыштар үшін қатер төндіретін болса, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

38. Ағаштарды кесу:

1) бекітілген және келісілген қала құрылышы құжаттамасында көзделген құрылыш қызметін, құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету;

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне қызмет көрсету, инженерлік желілерді реконструкциялау және салу, жерасты және жерүсті коммуникациялары;

3) авариялық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою;

4) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттілігі;

5) адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін, соңдай-ақ жеке және занды тұлғаның мүлкіне залал келтіретін ағаштарды санитариялық кесу жағдайларында жасалуы мүмкін;

6) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өсіп тұрған жағдайларда жүзеге асырылады.

39. Ағаштарды кесуді рұқсат беру рәсімдеріне сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша осы жер участкесіне қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді.

Уәкілетті орган халықтың өміріне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандығы № 1034 қаулысымен бекітілген Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген жасыл екпелерді кесуге рұқсат берілмейді.

40. Жалпыға ортақ жерлердегі және ғимараттарға, құрылыштарға, көп қабатты түрғын үйлерге іргелес аумақтардағы желдің және табиғи сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар авариялық құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинауды, құлаған жерлерді уақтылы тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қызмет көрсететін участекелер бойынша ұйымдар жүзеге асырады.

41. Авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде, оның ішінде инженерлік абаттандыру обьектілерінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу мүнадай:

ағаштардың, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыштардың, коммуникациялардың және желілердің бүлінуіне қауіп төндірген;

жол қозғалысы қауіпсіздігіне кедергілер, оның ішінде жол белгілерін көзбен шолуды жабатын кедергілер болған, жол белгілерін ауыстыру мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі.

42. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу фактісі авариялық-құтқару қызметінің күэландыру актісімен айтақталады, кейін уәкілетті органға мәжбүрлі түрде кескен сәттен бастап үш жұмыс күн ішінде хабарланады.

43. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде ағаштарды санитариялық кесуді уәкілетті органмен жазбаша келісім бойынша осы жер участекесіне қызмет көрсететін көгалданыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.

44. Ағаштарды кесу Рұқсат беру туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша, Жасыл еспелер тізіліміне сәйкес ағаштардың сандық, тұқымдық құрамын, жай-күйі мен орналасқан жерін дәл анықтау үшін уәкілетті орган маманының алдын ала ағашты кескен жерге баруы және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісін толтыруы арқылы жүзеге асырылады.

45. Жеке және заңды тұлғалар ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кесілген ағаштардың орнына өтемдік отырғызу туралы кепілдік хат береді.

46. Кесілген жасыл еспелер мен кесілген қалдықтарды (үгінділер, бұтақтар, жапырақтар, қабықтар) жұмыс жүргізілетін жерде жинауға және сақтауға жол берілмейді.

7-тaraу. Ағаштарды отырғызу, қайта отырғызу және өтемдік отырғызу

47. Жасыл екпелерді жойылған (кесілген) участекеде не дендрологиялық жоспарда (көгалданыру жоспарында) айқындалған участекелерде отырғызу өтемдік отырғызулар болып табылады.

Өтемдік отырғызулар өз мұдделері үшін жасыл екпелерді жоюоды (кесуді) жасаған не кінәсінен осы екпелердің бүлінуі немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) занды тұлғалардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

48. Өз мұдделері үшін жасыл екпелерді жоюоды (кесуді) жасаған не кінәсінен осы екпелердің бүлінуі немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) занды тұлғалар өтемдік екпелерге:

ағаштар мен бұталарға: қылқан жапырақты тұқымдастарға – үш жыл бойы, жапырақты тұқымдастарға – екі жыл бойы;

шөптесін өсімдіктерге – бір жылдың вегетациялық маусымы ішінде күтім жасауды қамтамасыз етеді.

49. Өтемдік отырғызу осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген күтім жасау мерзімі өткенге дейін құрып кеткен жағдайда, жеке және (немесе) занды тұлғалар жасыл екпелерді қайта отырғызуды және оларға күтім жасауды жүзеге асырады.

50. Жеке және занды тұлғалар өз қаражатына жасыл екпелерді отырғызуды жүзеге асырғаннан кейін орындалған іс-шаралар туралы деректерді береді, ал уәкілетті орган жасыл екпелерді қабылдайды және оларды Жасыл екпелерді есепке алу жөніндегі тізілімге енгізеді.

51. Жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына сәйкес көрсеткен учаскелерге қайта отырғызылады.

52. Жеке және занды тұлғалар ағаштарды қайта отырғызған кезде өтемдік отырғызу жүргізілмейді.

53. Егер қайта отырғызу ағаштардың салып қалуына әкеп соққан жағдайда, осы Қағидалардың 59-тармағының талаптарына сәйкес өтемақының он еселенген мөлшері белгіленеді.

54. Ағаштарды қалпына келтіру қала мен елді мекеннің өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес, қажет болған жағдайда топырақты құнарлы топыраққа ауыстыра отырып, арнайы учаскелерде жүргізіледі.

55. Ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде қалпына келтірілетін ағаштарды олардың мұддесі үшін кесу жүргізілген азаматтардың және занды тұлғалардың қаражаты есебінен он есе мөлшерде өтемдік отырғызу жүргізіледі.

56. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерге өтемдік отырғызу және күтіп-баптау және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды өз штатында көгалдандыру саласындағы мамандары бар көгалдандыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.

Өтемдік отырғызу кезінде бір жылдық көшеттерді пайдалануға жол берілмейді.

57. Өтемдік отырғызулар мынадай мөлшерлерде:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органның рұқсаты бойынша жасыл екпелер кесілген, сондай-ақ жеке және (немесе) занды тұлғалардың меншігіндегі немесе

пайдалануындағы ғимараттарға, құрылышжайларға іргелес аумақта олар құрып кеткен кезде – он еселенген мөлшерде;

2) жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) кезде не олардың құрып кетуіне алып келген бұлінуі кезінде – елу еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

58. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі тәнген өсімдік түрлерінің тізбесіне енгізілген жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) не олардың құрып кетуіне алып келген бұлінген жағдайда – бір жұз еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

59. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндеттін атқарушының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 265 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33476 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті орган есептейді.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.06.2024 № 116 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Ағаштарды өтемдік отырғызу кесегімен биіктігі кемінде 2,5 метр жапыракты ағаш көшеттерін немесе кесегімен биіктігі кемінде 2 метр қылқан жапыракты ағаш көшеттерін отырғызу арқылы жүргізіледі.

Көшеттердің жоғарғы тамыр жүйесінен діңінің диаметрі 3 сантиметрден кем емес болуы, дің бөлігінің 1,3 метр жоғары болуы қажет.

61. Ағаштарды кесу кезінде өтемдік отырғызу уәкілетті органның рұқсаты бойынша және (немесе) ағаштарды заңсыз кесу, жою немесе бұлдіру кезінде кесу, ағаштарды жою немесе бұлдіру орнынан 1 километр радиуста аумақта жүргізіледі.

Өтемдік отырғызу үшін кесу орнынан 1 километр радиуста бос орын болмаған кезде өтемдік отырғызу аумағын уәкілетті орган жазбаша түрде көрсетеді.

62. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу кезінде өтемдік отырғызу көгалдандыруды, көгалдандыру жөніндегі ұйымды тарта отырып, жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде жүргізіледі.

63. Өтемдік ағаш отырғызу дендрологиялық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

64. Жол-көлік оқиғасы салдарынан жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде және жеке аумақтарда өсетін жасыл екпелер механикалық закымданған немесе жойылған жағдайда кінәлі тарап көшеттер отырғызу арқылы бұлінген немесе жойылған екпелерді бес есе өтемдік қалпына келтіруді жүргізеді.

65. Өтемдік ағаш отырғызу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін жеке және заңды тұлғалар бір ай ішінде уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

66. Кепілдік хатқа сәйкес жеке және занды тұлғалар өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсінү кезеңі) осы Қағидалардың 26-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп-ұстай және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

67. Өтемдік отырғызуды жүзеге асырған жеке және занды тұлғалар уәкілетті органмен бірлесіп, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсінү актісін жасайды және одан әрі күтіп-ұстай үшін тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің жергілікті атқарушы органының теңгеріміне береді.

68. Уәкілетті орган өсken ағаштарды Жасыл екпелер тізіліміне енгізеді.

69. Отырғызылған көшеттер өтемдік отырғызу кезінде жойылған жағдайда, олардың мүддесі үшін кесу жүргілген тұлғалар жасыл екпелердің қайта отырғызуды жүргізеді және оларды қайта отырғызу жүргілген сәттен бастап үш жыл бойы (ағаш көшетінің жерсінү кезеңі) күтіп-ұстай және қорғау жөніндегі одан әрі іс-шараларды қамтамасыз етеді.

Жасыл екпелердің күтіп-ұстай
және қорғау қағидаларына
1-қосымша

Нысан

_____ жылғы 1 қантардағы Жасыл екпелер тізілімі Жасыл екпелер объектілерінің (учаскелерінің) алаңын жердің санатына, өсімдіктің типтеріне, функционалдық мақсатына қарай бөлу Қала/елді мекен Жауапты иесі: _____ Жасыл екпелер тізілімі Кесте

Р/с № түгендеу/жасыл екпе паспортының №	Жердің функционалдық мақсаты (екпелер санаты)	Ағаш өсімдігі				Жиыны, дана						
		Бірлі-жарым ағаштар, дана	Топтар, куртиналар, дана	Тоғайлар, алқаптар, дана	Ж о л бойындағы екпелер, дана							
Бұталы өсімдіктері												
Бірлі-жарым, дана	Жасыл коршам қума метр (к.м.)	Катарлап отырғызу, дана	Топтық отырғызу, дана		Барлығы қ.м./дана							
Ашық кеңістіктер												
Гүлзарлар		Көгалдар										
Жазғы, м ² , м ²	Көп жылдық	Контейнерлік, дана	Вазон, м ²	Альпинарий, рокарий, м ²	Жиыны м ² /дана	Партерлік, м ²	Кәдімгі, м ²					
							Ж е р қыртысының жамылғысы, м ²					
							Жиыны м ² /дана					

Жасыл екпелердің күтіп-ұстайдың және қорғаудың үлгілік қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісі 20_ж. "___"

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 05.06.2025 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Р/с №	Жасыл екпелер дің табиғи құрамы	Сакталады			Кесуге рұқсат			Рұқсатсыз кесу		
		дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1										
2										
Барлығы:										
Корытынды										

kestенің жалғасы

Қайта отырғызу, тамырын копарып қазу (жасарту)			Санитариялық кесу			Сапалық(нақты жай-күй)	Залалды өтөу мөлшері, бірлік	Залалды өтөу мөлшері бойынша залалдың сомасы	Өтемдік қалпына келтіру, дана
дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см		айлық есептік көрсеткіш	тенге	
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

Осы акт _____ данада жасалды.

Ескертпе: Зерттеп-қарау актісі жасыл екпелерді кесуге немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат болып табылмайды.

Жеке немесе заңды тұлғаның өкілі

қолы (Т.А.Ә.)

Үәкілетті органның лауазымды адамы _____ қолы (Т.А.Ә.)
(мөрі бар болса)

Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органның
(облыстардың, Астана,
Алматы және Шымкент
қалаларының, ауданның,
облыстық маңызы бар қаланың)
басшысы

(тегі, аты, ол бар болған
жағдайда әкесінің аты,
мемлекеттік органның атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, ол бар
болған жағдайда әкесінің аты не
көрсетілетін қызметті алушы
занды тұлға ұйымының атауы)
және (немесе) сенімхат
бойынша)

(ЖСН/БСН)
Мекенжайы

(занды мекенжайы немесе
тұрғылықты жері)
байланыстар

(электрондық
мекенжайы, телефон)

Кепілдік хат _____ **(жеке немесе занды**
тұлғаның атауы)

Ағаштарды кесуге рұқсат алған сәттен бастап алты ай ішінде _____ дана
көлемінде өтемдік ағаш отырғызууды жүргізуге кепілдік береді, _____
тұқымдылар, ағаштардың орнына _____ дана, _____ үшін кесілетін
тұқымдар _____ мекенжайы бойынша:

(себебі көрсетіледі)

_____ 20 жылғы " " жасыл
екпелерді зерттеп-карау актісіне сәйкес.

Отырғызылған көшеттер жойылған жағдайда, қайта отырғызуға кепілдік береді.

Өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсінү кезеңі)
осы Қағидалардың 26-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес
көшеттерді күтіп-ұстай және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге және үш жыл
өткеннен кейін оларды ағаштардың жерсінү актісі негізінде жергілікті атқарушы
органның тенгеріміне беруге кепілдік береді

(жеке немесе занды тұлғаның атауы)

Жасыл екпелерді күтіп-ұстай және қорғау қағидаларын бұзғаны үшін "Әкімшілік
құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 381-1 және 386
бабына сәйкес жауапкершілікке тартылатыны хабарланды.

Күні: 20__ ж. "__"

Басшының Т.А.Ә. және қолы (мөрі бар болса)

Жасыл екпелердің күтіп-
ұстаудың және қорғаудың
үлгілік қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Жасыл екпелердің жерсінүү актісі 20__ ж. "___" ____ Жасыл екпелердің отырғызған
мекенжайы: _____

№	Заңды және жеке тұлғалардың атауы	Рұқсаттың немесе келісудің нөмірі мен күні	Кесілген ағаштардың саны, дана	Қайта отырғызылған ағаштардың саны, дана	Өтемдік немесе бастамашылық отырғызу, дана түкімі	Жағдайы		Қалпына келтіруге арналған көшеттер саны, дана	Ескертпе
						Тамыр алды, дана	Тамыр алмады, дана		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1									

Корытынды:

Жеке немесе заңды тұлғаның өкілі _____

(Т.А.Ә., қолы) (мөрі бар болса)

Үәкілетті органның лауазымды адамы _____

(Т.А.Ә., қолы) (мөрі бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК